

Оқу ісінің меңгерушісі: _____

Сабақ тақырыбы:	Заңдылықтар (1)	Мектеп:	
Күні :		Мұғалімнің есімі:	
СЫНЫП: 1-сынып		Қатысқандар саны:	Қатыспағандар саны:
Оқу мақсаты:	20-ға дейінгі сандар тізбегін/ондықтармен 100-ге дейінгі сандар тізбегін құрастырады;		
Барлық оқушылар:	100 көлеміндегі сан, сурет, фигура, символ-дан тұратын тізбектердің заңдылықтарын анықтайды;		
Оқушылардың басым бөлігі:	іс-әрекет және табиғат күйінің тізбектілігін анықтайды; сандар, фигуралар, ойыншықтар, түрлі түсті моншақтар т.б. тізбектерін құрады және тізбектегі заңдылықтың бұзылуын табады.		
Кейбір оқушылар:			
Ресурстар:	моншақтар; жіпке тізілген түрлі түсті моншақ; үлкен түймелер, кішкене түймелер; кілемшелер; түрлі түсті қарындаштар;		
Тірек сөздер	заңдылықтар.		
Сабақтың мақсаты:	Оқушыларды заңдылық ұғымымен таныстыру. Сандар және заттар қатарлары арасындағы заң-дылықтарды қарастыру. Қарапайым заңдылықты сақтап, қатарларды жалғастыру. Дөңгелек сандарға байланысты заңдылықтар құрастырып, жаттығулар жасау. Берілген сандар, фигуралар және табиғаттағы заттар қатарындағы заңдылықтарды таба білу дағ-дысын дамыту.		
Сабаққа байланысты деректі материалдар		Сабаққа қатысты ескертпелер	
Сабаққа қатысты деректі материалдар Заңдылық дегеніміз — кез келген заттардың немесе сандардың белгілі бір ретпен орналасу ере-жесі. Берілген тапсырма бойынша заңдылықты жал-ғастыру үшін оның қандай ережемен құрылғанын анықтап алу қажет. Сабақта заңдылық ұғымының мән-мағынасын ашу, заңдылықтың сақталғандығын анықтау, қатарлардың заңдылығын сақтап санау жұмыстарын жүргізу көзделеді. Оқушылармен бірлесе отырып, сынып бөлмесін-дегі заттарды зерттеңіз, санауға болатын заттарды анықтатыңыз. Заңдылыққа байланысты санау түрле-рін (жұп, тақ сандар) қолданыңыз. Заңдылықты сақ-тай отырып, сыныптағы заттарды		Суреттегі асықтар қандай заңдылықпен ор-наласқан? “Заңдылықты жалғастыр” тапсырмасы бойынша оқушылардың назарын суретке аудары-ңыз. “Суреттегі асықтар қалай орналасқан?” деген сұрақтарды қою арқылы оқушылардың ой-пікірін тыңдаңыз. Оқушыларды суреттердің белгілі бір ереже бойынша орналасқаны туралы қорытындыны өз бетінше жасаулары үшін жетелеңіз. Келесі сан-ның қандай болатынын тауып, жауабын тыңдаңыз. Тапсырманы жалпы сыныппен орындатыңыз. Қабілеті жоғары оқушыларға осы тапсырмаға ұқсас қосымша тапсырмалар құрастырып айтуды ұсыныңыз. Жауабы: 2, 4, 6, 8, 10, 12, ... Заңдылықты сақтап, сандар қатарын жал-ғастыр. Тапсырмасын сан қатарындағы заңдылықты тауып,	

<p>санатыңыз. Мыса-лы, оқушылардың дәптерлерін ретімен, екіден санауды көрсетіңіз. Оқушыларды жұпқа бөліңіз. Әрбір жұпқа екі дәптерден бөліп беріңіз. Кіріспе тапсырма. Ортаға бірнеше оқушыны шақырыңыз. Оқушылардан бойы бойынша заңды-лықты сақтап, сап құрып тұруды өтініңіз. Заңдылық-тың сақталуына ерекше мән беріңіз (бойларының өсуіне, кемуіне байланысты тұруды қарастырыңыз).</p> <p>Оқушыларды жұпқа бөліңіз. Олардың алдына санау ресурстарын үлестіріңіз. Олар жіпке тізілген түрлі түсті моншақтар, түймелер болуы мүмкін. Жұп болып отырған оқушыларға жіпке тізілген моншақ пен түйменің түстеріне қарай немесе пішініне қарай қандай заңдылық бойынша тізілгендігін анықтаты-ңыз. Мысалы, моншақ тізбегінің ақ, қызыл, көк түспен берілгендігі немесе түйме тізбегінің екі үлкен, бір кішкене түймелер арқылы берілгендігін атап айту керек. Берілген тізбектегі моншақтарды жұппен санай отырып, жұп және тақ сандардың арасындағы заңдылықтарды қайталатыңыз. Мысалы, моншақтар тізбегін жұп сандар арқылы санатыңыз: 2, 4, 6, 8, 10, 12, 14 т.с.с.</p> <p>Тақ сандар арқылы санатыңыз: 1, 3, 5, 7, 9 т.с.с. Сіз оқушыларға заңдылықтардың әртүрлі түрле-рін интерактивті тақтада көрсетіп, заңдылықтар-ды моншақтар немесе түймелер арқылы қайталап көрсетуді сұраңыз.</p> <p>Оқушылардан заңдылықты табу үшін тағы басқа қандай әдістерді қолдануға болатынын сұраңыз. Оқушыларға үштен санауды ұсыныңыз. Түйме тізбегін үштен санап көрейік деп, үштен санатыңыз: 3, 6, 9, 12, 15, 18 т.с.с. (оқушылар өздерінің басқа нұсқаларын айтуы мүмкін.) Заңдылық туралы түсінік беру үшін оқушыларды оқулықтағы ережемен таныстырыңыз. Заңдылыққа қатысты ережені түсіндіру үшін тапсырмаларды орындамай тұрып, сурет түрінде берілген және оған сәйкестендіріп жазылған сан-дар түрінде берілген заңдылықты барлық оқушыға түсіндіріңіз. Интерактивті тақтада мысал келтіріп көрсетіңіз:</p>	<p>жалғастырып айтуын ұйымдастырыңыз. Тапсырманы жұппен орындатыңыз. Интерактивті тақтада жауабын көрсетіп, өзін-өзі тексеруге жаттықтырыңыз.</p> <p>Жауабы:</p> <p>14, 12.</p> <p>Шығарып көр. Бұл айдармен берілген тапсыр-маны орындауда үйге берілетін нөмірлерді жазу үшін де заңдылық қолданылатынын көрсетуіңіз керек. Үйлерді нөмірлеуге қандай сандар қолданылғанын нақтылатыңыз. Осы үйлерге қарама-қарсы жағын-дағы үйлердің нөмірлері қандай болатынын топпен талдатып, жауабын топтағы бір оқушыға айтқызып, нәтижесі үшін барлығы жауапты болатынын ескертіп, топпен жұмыс жасай білуге үйретіңіз.</p> <p>Жауабы:</p> <p>15, 17, 19, 21.</p> <p>Мысалдар неге осы ретпен берілген? Анықта.</p> <p>Оқушыларға тапсырманы топта орындауды ұсыны-ңыз. Олардан барлық мысалдарды жеке параққа шығаруды сұраңыз. Содан кейін топпен мысалдар неге осылай тұрғанын талдауды ұсыныңыз. Топтағы өз болжамын айтып беруді сұраңыз. Оқушыларға, егер мысалдардың біреуінің жауабы екіншісінің басы болып келсе, онда мұндай мысалдардың дөңгелек мысалдар деп аталатынын хабарлаңыз. Оларға ұқсас дөңгелек мысалдар құрастыруды ұсыныңыз.</p> <p>Орындап көр. Заңдылықты сақтай отырып ала-шаны бояу үшін оқушыларды жұпқа бөліп, осын-дай қағаздан жасалған алашаны таратып беріңіз. Жұптағы оқушылар алашадағы заңдылықты анықтап алады. Сурет бойынша оқушы алашаның ортасы-нан бастап боялғанын байқап, екі жаққа қарай бояу керектігін анықтайды. Тапсырманы бірден орындау қиындық туғызса, оны талдатыңыз. Боялған ала-шадағы заңдылықты сандармен жазғызыңыз. Топ-пен тексертіңіз. Алашаларды тақтаға ілгізіп, оларды үзілісте көруді ұсыныңыз.</p> <p>Ойлан. “Сандар тізбегін” оңға және солға жалғастыру үшін көрсетілген сандар арасындағы заңдылықты тапқызып, сол заңдылық бойынша жал-ғастыртып айтқызыңыз. Тапсырманы орындау қиынға соққан оқушыларға 9-дан кейін келетін</p>
--	---

<p>а) қыс, көктем, ... (заңдылықты жалғастыруды сұраңыз);</p> <p>ә) таң, күн, ...</p> <p>б) қызыл, қызыл сары, сары ... (кемпірқосақтың түстерін жалғастырып айтқызыңыз);</p> <p>в) қуыршақ, мәшине, доп, қуыршақ,</p>	<p>санды бірге талдау жүргізе отырып, табуға көмектесіңіз.</p> <p>Жауабы:</p> <p>1, 3, ..., 11, 13, 15.</p>
<p>Тілдік құзыреттілікті қалыптастыру</p>	<p>Қосымша тапсырмалар</p>
<p>Оқушылардың тірек сөздерді есінде жақсы сақтауы және тақырыпты бекітуі үшін ойын түрінде мынадай жұмыс ұйымдастыруға болады.</p> <p>Оқушыларды төрт топқа бөліңіз. Әр топқа заң-дылық құрастырып, сергіту сәтін ұйымдастыруды тапсырыңыз. Сергіту сәтін заңдылық сақтап, ретімен орындауды талап етіңіз. Сонымен қатар сергіту сәтін жүргізу барысында “заңдылықтар” сөзін айтқызып отырыңыз.</p>	<p>Суретке қара. Берілген сан қатарын жалғасты-рып жаз. Берілген заңдылықтың сақталуына көңіл бөле отырып, осы заңдылықты жалғастырып жазуын бақылаңыз. Бірінші және екінші сандар қатарындағы заңдылық барлық оқушыда бірдей болу керек. Ал үшінші заңдылықты екі түрде жазуы мүмкін.</p> <p>Жауабы:</p> <p>10, 20, 30, 10, 20, 30 немесе 10, 20, 30, 40, 50 және т.с.с. Кез келген нұсқа дұрыс.</p> <p>Суретте берілген заңдылықты тауып, қатар-ды жалғастырып жаз. Тапсырма оқушылардың заңдылық деген ұғымды қаншалықты ұққанын байқау үшін берілген. Фигуралар мен сандар арасындағы заңдылықты көріп, дұрыс таба білу, заңдылық тек сандар немесе заттардың орналасуында ғана бол-майтынын, оны басқаша құрастыруға да болатынын көреді.</p> <p>Суретті жалғастыр. Оқушылар тапсырманы заңдылықты қалай түсінгеніне байланысты өз заң-дылығын құрастырып, заңдылыққа сәйкес моншақты қалаған түспен бояйды.</p> <p>Өрнек. Оқушылар өз беттерінше геометриялық фигуралардан өрнектердің суретін ойластырып, оны салуы тиіс. Олармен алдын ала “солға”, “оңға”, “ішінде”, “сыртында”, “арасында” және т.б. ұғымды қайтала-ңыз. Содан кейін тапсырманы кезеңмен орындауды ұсыныңыз. Орындап болған соң оқушыларға бір-бірінің жұмысын көруге мүмкіндік беріңіз. Ол үшін олардың жұмысымен көрме ұйымдастырыңыз.</p>
<p>Бағалау</p>	<p>Оқушылар сабақтың соңында:</p> <ul style="list-style-type: none"> • берілген заңдылықтарды анықтап, оларды жал-ғастыруды меңгереді. <p>Оқушылардың тақырыпты қаншалықты түсінгенін білу үшін мынадай сұрақ беріп, жауаптарын тыңдаңыз:</p> <p>— Заңдылық деген не?</p> <p>— Заңдылықты көрсетуге мысалдар келтір.</p> <p>— 1, 2, 3, 1, 2, 3 ... түріндегі мысал заңдылық па? Оқушылармен жұмыс дәптеріндегі “Жетістік баспалдағымен” өзін-өзі бағалау жұмысын өткізіңіз.</p>